

3. Машимбаева А.Ж. Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы. — Алматы: Арда, 2009. – 124 б.
4. Қобланова А. Қазақ сөз этикеті: Канд. дис. ... автореф. – Алматы, 1998. – 108 б.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Білім, 1992. – 28 б.
6. Қазақ пьесалары. – Алматы: Өнер, 1957. – 256 б.
7. Шаймерденов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. Үш томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. 2-т. – 320 б.

ӘОЖ 811.512.1

## –ЛЫҚ, –ЛІК (-ТЫҚ, -ТІК, -ДЫҚ, -ДІК) ЖҰРНАҒЫНЫҢ ТҮРКІ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

**Сасанова Инабат Сасанқызы**

[inabat22071997@gmail.com](mailto:inabat22071997@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - С. Шоқабаяева

Тіліміздің ең көне тарихы туралы баяндағанда, жазба ескерткіштердің деректері, басқа да көне жазу үлгілері, түркі халықтары мен қазақтың ауызекі тіл үлгілері кең қолданыс табады. Қазақ тілі ежелгі түркі тілдерімен тікелей байланысты. Сондықтан түркі халықтарының арасында туып, ғасырлар бойы ауызша және жазбаша түрде сақталып келген туындылар түркі халқына ортақ болып келеді. Түркі тіл білімін зерттеуде Н.Баскаковтың жүйесімен зерделеу орын алып отыр. Түркі тілдерін салыстыруда, оларды зерттеуде ғалымдардың еңбектері жетерлік. Соның ішінде М. Сабыр XIV ғасырда дүниеге келген «Кодекс Куманикус», «Китаб-и меджму-у терджуман...» ескерткіштер тілін қазақ тілімен салыстыра зерттеуде 420-дан астам баламаларын тапқан. Жалпы алғанда 60-70 пайызы сәйкес келеді деп көрсетеді. Осыдан-ақ түркі тілдерінің бір-бірімен етене байланысын аңғаруға болады.

Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен басталып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып келіп, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен. Бұл сөзімізге VI-VIII ғасырлардан келе жатқан ескерткіштер тілі дәлел бола алады.

Түркі тілдеріндегі сөзжасам тарихын зерттеуге келгенде, соның ішінде қосымшалардың шығу тегі мен тарихына келгенде ғалымдардың пікірі біркелкі бола бермейді. Алтай тілдерін белгілі зерттеуші ғалым П.М.Мелиоранский қосымшалардың шығуына қатысты мәселені өзінше пайымдайды. Ғалым жұрнақтардың (аффикстер) қалай пайда болғандығы туралы мәселе әлі арнайы зерттелмегендіктен, толық шешімін тапқан жоқ, бірақ бір нәрсе жайында нық сеніммен айта отырып, қазіргі тілде шығу тегі жағынан алуан түрлі, табиғатын дәл танып білу мүмкін емес элементтердің мол ұшырасатындығын дәлелдейді. Олардың қатарына, ең алдымен, тілде тұңғыш пайда болу сәті түбір сөздердің қалыптасу тарихымен тұтас келетін ежелгі жұрнақтар мен туынды жұрнақтарды жатқызуға болатынын тұжырымдайды [1, 14].

Қазақ тілінің тарихи грамматика мәселесін зерттеген ғалымдардың бірі М. Томанов: «Түркі тілдеріндегі қосымшалар дербес сөздердің әртүрлі өзгеріске түсуінен қалыптасқанын да, сондай-ақ олардың кейбірінің о баста қосымша болғандығын да жоққа шығаруға болмайды, соңғы топтың болғандығын дәлелдейтін тағы бір дерек – қосымшалардың синкретті қолданылуы», - деп түсіндіреді [2, 45]. Орхон-Енисей жазбаларында –лығ жұрнағы негізгі түбір сөзге де: ат-лығ (атты), баш-лығ (бастық), сонымен қатар туынды түбірге де ердемнің (қуаттылық) жалғана береді. Жазба ескерткіштердегі мәтіннен мысал келтірсек: Илімігі

илсіретміс, қағанлығ – Қаған – сырамтмыс, тізіліг, сокурмыс, басшылығ йүкүнтүрмыс – елдіңгін еңкейтті.

Осыған орай ескерткіштерде –лығ жұрнағы түбір сөзге екі рет жалғанып та кездесетінін байқауымызға болады. Мысалы, (ерк-лік-лік). Екі рет қосаранып жалғанғанда біреуі –лы жұрнағының (ерікті) екіншісінде (-лік, -лық) жұрнағының қызметін атқарып тұр. Ал, мына сияқты сөздер аз кездеседі: қағанлуғ, қағансыра, емліг т.б.

–лық, -лік, -дық, -дік жұрнағының өнімділігі XIV ғасыр ескерткіштер тілінен де байқалады. Атап айтатын болсақ, Құтыбтың «Хұсрау мен Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Сейф Сарайдың «Гүлстан» ескерткіштер тілінен кездестіре аламыз. Ескерткіштер тілінде кейбір жұрнақтар жаңа сөз жасау процесінде жиі қолданылады да, енді біреулерінің жұмсалы аясы тар, бірен-саран сөздерде ғана ұшырасады.

Тарихи-салыстырмалы әдіске сүйенген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бүгінгі тірі тілдің тарих қойнауында қалған жәдігерлердің алыс-жақын, туыс-жекжат екендігін анықтай алады. Сондықтан да бүгінгі қазақ тілінің байырғы сөздік қоры ұлт тарихымен, жалпы түркілік тарихпен сабақтақтаса қалыптасты. Осыған байланысты К.Қ.Молгаждаров: «Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, одан әрі жалпы түркі тілдерімен толық ішінара лексика ортақтығымен ерекшеленеді. Қазақ жұрты жеке ұлт болып қалыптасқанға дейін түркі халықтарының ортақ арналарымен жүріп өтті», - деп көрсетеді [3, 47].

М. Қашқари сөздігінде –лік, -лығ//–лік, -лук//–луғ, -лүк оның әркелкі мағыналық ерекшеліктері көрсетілген.

Бірінші – иелік мағынасы. Мысалы, бәдук қаранлығ ер – үлкен қарынды адам, саманлығ ер - сабаны бар адам деген сияқты.

Екінші – орындалған іс мағынасында. Мысалы, қуруғлуғ йа - құрылған жай, сарығлығ ер – сары ауруына ұшыраған адам сияқты. Үшіншіден – мекен мағынасында қолданылады. Мысалы, тарығлығ - егінжай, егіндік, туруғлағ – тұрақ, тұратын жер [4, 105]. Түркі тілдеріндегі -лық көне моңғол, халхамоңғол тілдерінде -лық -лік > -лағ /-лэг/ > -лақ - (лек), -лог/-лөг тұлғаларында қолданылады. Мысалы: байалық > баялағ - байлық [5, 89].

М. Томанов -лық//–лығ//–лук, -тық//–тық//–нық жұрнақтары арқылы түркі тілдерінде көбінесе абстракт мәнді қазақ тілінде (қыстық), чуваш тілінде (чурелах) (құлдық), өзбек тілінде ақтық (ақтық), ұйғыр тілінде балылық - (балалық) зат есімдері жасалатынын, олар заттың таралған аумағын, шыққан мекенін, жинақы тобын білдіре алатындығын, кейде адамның кәсіби, тіршілік ерекшелігін білдіретінін көрсетеді. Мысалы: түрік тілінде чабанлық (ауыл шаруашылығы маманы), қазақ тілінде шопандық, т.б. [6, 116].

Түркі тілдерінде (якут тілінен басқа) -лық қосымшасы өнімді қосымшалар қатарына жатады. Сонымен қатар -лық қосымшасы белгілі қасиет, сапа, күй-қалыпты білдіретін туынды зат есімдер жасайды. Кейде субъектінің айналысатын кәсібі мен қызметін білдіруі мүмкін.

“Қазіргі қазақ тілі грамматикасы (синтаксис)” еңбегінде –лық//–лы көрсеткіштерінің -лағ//–лақ тұлғалы алғашқы нұсқалары болған деген пікірлер мен тілдік деректер де бар. Салыстыратын болсақ: қыш-лағ > қыстақ > қыстау, йайлақ > жайлау т.б. [7, 257].

Ұйғыр тіліндегі -лық, -лік жұрнақтарының –ғ, –г соңғы дыбысы –к, –к дыбыстарына алмасқан. Мысалы, қарлық қарлы, ташлық тасты, тағлық таулы және т.б.

Ал, қырғыз тіліндегі –лығ, –ліг жұрнағы –лу, –лү, –ту, –тү қосымшалары болып өзгереді. Мысалы, таштығ – ташту (тасты), тоқолығ – тоқалу (тақыр), естіг – естү (ес, ақыл) т.б

-Лық,-лығ, -лук, -тық, -тық, -тық аффикстері арқылы түркі тілдерінде көбінесе абстракт мәнді зат есімдер жасалады: қалыптылық, достық, шындық; өзбек: ақтық, (ақтық), келішлік (келіс, келу); ұйғыр: балылық (балалық), чуваш: чурелых (құлдық); якут: ахлық (астық); әзірбайжан: гөзеллік (сұлулық) т.б. Бұл аффикспен келген сөздер заттың таралғанын, шыққан мекенін, кейде сол заттардың жинақты тобын білдіре алады: жүзімдік, йузумлік, комүрлүк,

пішендік т.б. Тұрған, шыққан мекенін білдіреді: алмалық, тошкентлик (өзбекше); кәсіби, тіршілік ерекшелігін білдіреді. Түрік: чабанлық, қойлулық (ауыл шаруашылығы маманы) т.б.

Осылайша түркі тілдерінде ғана емес, бізге туыстығы жоқ басқа тілдерде де қосымшалардың пайда болу, даму эволюциясы өте күрделі екенін, сондықтан әлі күнге нақты шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірі екендігін байқаймыз. Кейбір ғалымдар қосымшаларды таза жеке сөздердің өзінен ғана қалыптасқан деп білсе, лингвист-түркологтардың көпшілігі қосымшалардың даму эволюциясы екі жолмен өрбіген дейді. Олар: 1) лексикалық мағынасынан айрылып, аффикске айналған дербес лексикалық мағыналы сөздер; 2) фузия арқылы, яғни жалаң бір фонемді немесе бірнеше аффикстердің біртұтас формант болып бірігуі арқылы пайда болған күрделі құрамды аффикстер [8, 57].

-лық, -лік, -дық, -дік жұрнағы түркі тілдерінің ішінде қырғыз тілінің сөзжасамында жиі кездеседі. Сондықтан бұл жұрнақ сөз тудыратын жұрнақтар қатарында былайша көрінеді: -лық, -лик, -лук, -дук, -дық, -дик, -тык, -тик, -тук, -түк. Мысалы, балалық, көркөмдік, жылуулук т.б.

Қорытындылап айтқанда, түркі тілдерінде ғана емес, бізге туыстығы жоқ басқа тілдерде де жұрнақтардың пайда болу, даму эволюциясы өте күрделі екенін, сондықтан әлі күнге нақты шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірі болып отырғанын байқаймыз. Мақаламызда қазіргі қазақ тіліндегі -лық, -лік, (-тық, -тік, -дық, -дік) жұрнағының түркі тіл білімінде, соның ішінде қырғыз, ұйғыр, чуваш, әзербайжан якут тілдеріндегі қызметі мен қолданылуы қарастырылды. -Лық, -лік (-тық, -тік, -дық, -дік) жұрнақтарының түркі тілдерінде көбінесе абстракт мәнді зат есімдерде жұмсалатындығына көз жеткіздік.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. ч. СПб., 1894. – 340 с.
2. Томанов М. Етістік жасайтын қосымшалар тарихынан. Қазақ тілі мен әдебиеті. 4-шығыуы. – А., 1974. – 55 б.
3. Молгаждаров Қ. К. Түркітануға кіріспе және салыстырмалы грамматикасы (оқу құралы). – Алматы, 2018. – 256 б.
4. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – А., 1993. – 360 б.
5. Суник О. П. О происхождении морфологической структуры слова. //Вопросы языкознания. 1959. - №5. – С. 45.
6. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – А., 1981. – 264 б.
7. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы (синтаксис). – Алматы: Мектеп, 1966. – 320 б.
8. Пауль Г. Принципы истории языка. – М., 1960. – 270 с.

ӘОЖ 821.512.122

#### **М. ӘЛІМБАЕВТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛ ЖӨНІНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАРЫ**

**Серпенқызы Бота**

[bota.serpen@mail.ru](mailto:bota.serpen@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ. Саркенова

«Сөз мәйегі» саналатын мақал-мәтелдерді зерттеу қазақ филологиясында ертеден қолға алынған.